

## **"Білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 2 желтоқсандағы N 194

"Білім беру туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 110-құжат; N 13-14, 327-құжат; N 16, 402-құжат; 1993 ж., N 8, 154-құжат; 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; 1995 ж., N 15-16, 104-құжат; N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 183-құжат; 1997 жылғы 3 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған

"Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 12-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын;
- 25-баптың бесінші абзацы алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті